

## Павлодар облысы Май ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май ауданы әкімінің 2023 жылғы 22 қарашадағы № 5 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Май ауданы әкімінің 2024 жылғы 5 қарашадағы № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май ауданы әкімінің 05.11.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығының 2 бөлігінің 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Май ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының 19.11.2023 жылғы кезектен тыс жедел отырысының хаттамасына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Павлодар облысы Май ауданының аумағында қатты желге байланысты жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия ақаулы актілер жасай отырып, екпінді жел салдарынан зардап шеккен объектілерге тексеру жүргізісін.

3. Коммуналдық меншіктің баланс ұстаушылары қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу бойынша сметалық құжаттаманы әзірлесін және бюджеттік өтінімді Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне жолдасын.

4. Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі қалпына келтіру жұмыстарына қаражат іздесін.

5. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға және осы шешімнің орындалуына бағытталған іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК